

 А И К Қ Ы І Н

Ар мен адамгершілік жаршысы

Тау мен даланың жарасымды биіктігі мен кеңдігінің көз ұшына ілінер заңғарлығын, көңіл ұғынар сырбаздығы мен жайсандығын бір бойына жиып алып, Адами атты Ар шыңынан күлімсіреп қана қарап тұратын бір жан иесін білемін мен!



Көңілімен күліп, жүрегімен қуанып, жанымен жадырап, құшағын ашып, қауышып құшып табысар да қарсы алар бір жан иесі бар менде! Ол – Нағашыбек Қапалбекұлы!

«Артықша туған азамат, халыққа үлкен бел болар» деп сол Нағашыбектің өз ұлы бабасы, жыр атасы Жамбыл айтқанындай, бұл күндері еліне ес болып отырған азаматтың өзім танып-білген кісілік келбетін, қаламгерлік өресін айтуды парызым деп санадым.

Адамды білу мен танудың арақашықтығында алыс та ұзақ жолдар, асу бермес және де бел талдырар, одан қалды ой шалдырар белестер мен адырлар жатуы да қажет те болар, бәлкім. Өмір атты сол көш керуеннің ұзына бойы керіліп жатар керегелі ғұмырының ғажайып та ғайып ға-

сырының талайғы бір тағдырының тарамдалған тармағы мен тамырында адам баласының жүгірген қаны мен тыныс алған жан дүниесінің сырын қолына ұстаған қаламымен ұғындыра білген жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының өз өмірінің де, шығармасының да бір-ақ тақырыбы бар. Қадап айтар болсақ, Нағашыбектің өмірінің де, шығармасының да тақырыбы – Ар мен Адамгершілік!

Жазушының бір ғана «Таудан түскен тұман» хикаятын оқыған сайын адам баласының ар дүниесін тұмшалай бастаған қайырымсыздық пен қаярлық, мейірімсіздік пен мұртмерездік, өзінен басқа өзгеге жаны ашымастық пен жәдігөйлік, өресіздік пен көргенсіздік сияқты кесапаттардың қалың тұманынан жол тауып шығуды іздеген Ыдырыс атты жап-жас жігіттің бейнесінен Нағашыбектің өз бейнесі мен бітім-болмысын, жан дүниесі мен ар дүниесін танығандай боламын.

Жалған жаланың құрбаны болып айдалып кете барған сол Ыдырыстың әкесі Қали, қиянатшыл баукеспе ұры Дәуітәлі, балалы-шағалы бір шаңырақтың тауқыметін арқалап, имансыз ортадан әділдік іздеп, араша сұрап шырылдаған Зейнеп ана өмірінің айнала төңірегінде өрбитін оқиғалар арқылы жазушы өз парасатпайымымен Ыдырысқа қиянаттың қанатын қиғызып, арамдықтың ініне су құйғызып, дүниеге әділдіктің үкімін айтқызады. Ыдырыс бәрін де жеңеді, ойға алған бар мақсатына да жетеді. Сөйтіп, жазушы өз кейіпкерін ар шыңының биігіне көтеру арқылы өзінің адамгершілік те, қаламгерлік болмысының биік шыңында қалып қояды. Бұл Нағашыбек Қапалбекұлының

адам ретіндегі кемеңгерлігі болса, қаламгер ретіндегі шеберлігі деп бағалануға тиісті. Жалпы, Нағашыбектің «Жер ошақтың түтіні», «Өрік ерте гүлдеген жыл» атты хикаяттары – қарапайым өмір тіршілігінің нәзік бір сырын шерте білген жаны бар жанды дүниелер. Бұл арада жаны бар дегенді әдейілеп айтып отырмыз. Сөз бен сөйлемге, айтар ой мен баяндар оқиғаға жан бітіре жазу әр қаламгердің талант қаламының ұшына іліне бермейтіні және бар.

«Шудасы желпілдеп атамның ақ нары бүкіл бота-тайлағын ертіп, Алатаудың ар жағында ақ бұлттардың үстінде желіп барады...». «Жер жеңіл дем алып жатыр...». «Ағаш біткен жасанып, сүттеніп, сыздаған бүршіктерін жаңа-жаңа жарып жатқан шақ...» Жазушының әр хикаятынан алынған осы бір үш ауыз сөйлемнің жанына үңіліп көріңіз де, жүрек лүпіліне зер салып тыңдап байқаңыз. Сол сәтте еріксіз елең етесіз де, көгілдір аспанға көз тігіп, ақ бұлттардың үстімен бота-тайлағымен желіп бара жатқан Нағашыбектің атасының ақ нарын іздейсіз. Аяғыңның астындағы жеңіл дем алып жатқан кара жердің тәнін абайсыз басып қалып, ауыртып алар ма екенмін деген тағы бір оймен тағы да еріксіз аяғыңның ұшына қарайсың. Сыздаған бүршіктерін жарып жатқан тал мен терек, ақ қайыңның нәзік бұталарына да үңілер едің. Бұл – ойлы сөздің құдіреті! Бұл – жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының тіршілікке құдіретті сөзімен жан бітіре білер таланты мен дарынының жемісі!

Жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының қаламгерлік шеберлігі хақында Қазақстанның халық жазушысы Әз-аған, Әзілхан Нұршайықов: «Нағашыбек Қапалбекұлы жалаң үгіт айтып, айқайламайды, жасанды пафосқа бой алдырмайды, қарапайым кейіпкерлердің ара-қатынасын реалистікпен бейнелей отырып, жамандықтан... түңілдіреді» деп баға беруі біз айтып отырған шеберлік пен дарын хақындағы пікірімізді шегелей түскендей болары бар.

Өмір қашан болсын жазушы, азамат Нағашыбек Қапалбекұлының өзін де сынаумен келе жатқандай. Сол сынға түскен сәтінде сынбаған, жылайтын кезде күйзелмеген, құлайтын жерде сүрінбеген адами кескін-келбетін сақтай білген және сақтап та келе жатқан Нәкеннің бойындағы әлдебір, ерекше біткен қасиет пен тектілікті танығандай боламын. Тектілігі сол емес пе, ол бір өзінің ғана кара басының тіршілігін күйттемей, қашан болсын қалың елінің, қалың қазағының жағдайын ойлап, күн кешіп, күй толғар жағдайда жүреді. Тіпті бір рулы елдің, Жетісу өңірінің бұрынғысының қазіргі жоқтаушысы, өткенін іздеушісі мен зерттеушісі, бүгінгілерінің басын қосып, келелі бір елдік істерге жұмылдыруға ұйытқы болып жүрген Нағашыбек Қапалбекұлы маған бір елдің биіндей әсер қалдырары бар. Жетісудің жан-жақта жүрген жақсылары мен жайсандарын туған жерлерінде қарсы алып, солардың басы-қастарында жүріп, оларға өз туған жерлерінің қадірі мен қасиеті жайлы, жақсылары мен жайсандары туралы, хандары мен билері, ақындары мен жыршылары, батырлары мен бектері, небір абзалдары жайлы сыр айтып, кітап жазып, кесене тұрғызып, ескерткіштер соққызып жүрер Нағашыбек Қапалбекұлының бұл да биік бір азаматтығының, тұлғалы

қайраткерлігінің қасиеті болса керек. Сол қасиет дегеннен шығады, біздің Нәкеннің бойындағы қасиет өзінің ұлы бабаларының бірі Жәкеңнен, Жамбылдан дарыған ба деген ойға тағы да келерің бар. Өзінің айтуынша, балалық шағында түс көріп, сол түсінде Жамбыл атасының қолына су құйып, батасын алған Нағашыбектің тегін адам емес екендігін оның бүгінгі азаматтық білім-болмысынан еріксіз танысың. Баталы ұлдың ғұмыры тек қана жақсылықпен, ізгілікпен ғана жалғасып келе жатса, бұл да Нағашыбек Қапалбекұлының дара біткен бітім-болмысын айғақтай түседі. Сол Жамбыл атасының қолына түсінде болса да су құйған Нағашыбек Қапалбекұлы қаламы қарымды жазушы болып Жамбыл бабасы жайлы «Жамбыл ата» және «Киесі – қызыл жолбарыс» атты құнды еңбектер жазып, ұлы атасының алдындағы перзенттік парызын ақтағандай да болып отыр.

Бойына біткен білімдарлық қасиетімен жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы саналы ғұмырының біраз жылдарын ғылыми зерттеу жұмыстарына арнағаны да тегін емес. Өйткені білмекке деген жан құштарлығы оны әрдайым көз майын тауысып, еңбек етер ізденімпаздыққа жетеледі. Қазақтың төл тарихында айшықты орны бар әз-Төле би жайындағы зерттеу еңбектері өзінің соны да тың деректерімен елең еткізгені бар. Сонымен бірге жазушының «Көк байтал», «Наурызбай батыр», «Шамшырақ» атты еңбектері де өзіндік тарихы бар кезеңдерден суыртпақтап сыр тартар сырлы дүниелер екендігін айтқымыз келеді. Нәкеннің жауһар жырлы Үмбетәлі Кәрібаевтың екі томдық жинағын баспадан шығаруы да қазақ әдебиетіне қосқан салмақты бір үлесі деп бағаланғаны жөн. Республикалық кітап мұражайында істеп жүріп Нағашыбек Қапалбекұлы кітаптану ғылымына да сіңірген орасан еңбегі бар екендігін атап көрсетуіміз керек. Әлемдік ғылымдағы үлкен маңызы бар Орхон-Енисей ескерткішіндегі жазулардың құпиясы жайлы Нәкен үлкен ойлар түйеді. «Үш қоңыр» ғылыми мақаласының өзінде үлкен бір тарихи зерттеуге тұрарлық құндылықтар қамтылғандығы және бар. Жазушының «Батамен ел көгерер» жинағы ұлтымыздың рухани байлығын еселеуге қосылған құнды еңбек екендігін батыл айта алар едік. Өйткені қазіргі кезде ел ішінде батагөй қариялардың азайып бара жатқандығын ескеретін болсақ, бұрынғылардан, яғни Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билердің, одан қалды әйгілі батырлар мен ақындардың, дуалы ауыз шешендердің баталарын жинақтап, бүгінгі қалың еліне ұсынған дүниелері келер ұрпақтың да көкейінде жатталып қалатындығын айтуымыз керек. Жазушының музей туралы танымдық мақалаларынан бастап құрастырған жинақ кітаптарының аралығында еліміздің күні бүгінге дейін көмескі болып келген тарихы жатқандығын айта отырып, сол құнды мұраларды жинақтау арқылы тәуелсіз еліміздің тарихына лайықты үлес қосқандығын атап көрсетуге тұрады. Әсіресе, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша түрлі құнды қолжазбалар мен сирек кітаптарды жинақтау ісінде де үлкен іс тындырылып келе жатқандығын жоғары бағалар едік. Жазушының Қарасай батыр, Шапырашты Наурызбай батыр, Өтеген, Райымбек, Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Бекболат сынды ержүректі батырлар, Құртқа тәуіп, Андас датқа Стамбекұлы, Назарбай би, Қырбай сал Бозымбекұлы, Сүйінбай Аронұлы,

Байсерке, Кенен, Үмбетәлі, Өтеп, Әбдіғали, Есдәулет, Сарыбай би, Медеу Пұсырманұлы, Мақыш балуан, Түктібай қобызшы, Сәт болыс, Қырбай сал және басқа да тарихи тұлғалар жөніндегі еңбектері қазақ әдебиеті мен тарихына қосылған мол да құнды мұра болғандығын бөле-жара атап көрсеткіміз келеді.

Бұл күндері отыздан астам кітап жазып, соларды басып шығарған жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының еңбекқорлығына еріксіз сүйсінер едіңіз.

Бұл – еңбек! Және де еңбек болғанда да көз майыңды тауысып, түн ұйқыңды төрт бөліп, жұдырықтай ет жүрегіңе бүкіл әлемді сыйғызып, сол әлемді ой-қиялыңмен шарлап, тербетіп, тебіренер жазушының шабытты бір шағының шырқау шыңы деп бағаланғаны жөн. Сол шырқау шыңға қаншалықты шығып түсу үшін де ой деген қара сүрлеумен бірде құлап, бірде сүрініп, бірде еңтігіп те аптығып жүруіне тура келеді. Қаламгерлік бұл жолдың азабын қаншалықты тартқандығын азамат жазушы Нағашыбек

Қапалбекұлының мол да кесекті дүниелеріндегі тұлғалы кейіпкерлерінің іс-әрекетінен, бет-бейнесінен айқын тануға да болады. Бір өзі бір ғасырдың жүгін көтеріп, қайғысы мен қасіретін, қуанышы мен қызығын, соры мен сортаңын арқалаған жазушы Нәкеңнің әр шығармасы кейіпкерінің тұла бойында, яғни образында заманның суреті мен сыры, кесірі мен кесапаты, обалы мен сауабы, сол заман адамдарының кісілігі мен ірілігі, озбырлығы мен асылдығы, жақсылығы мен жамандығы, киесі мен қасиетсіздігі қатар өріліп, қатар жүреді. Мұны жазушының өмір атты кең дүниенің тоқтап қалған тынысына жан салып, тоқтап қалған жүрегінен қайрадан қан айналдыра білер, өткенді... Былайша айтқанда өлгенді тірілте білер қаламының құдіреті деп бағалар едім. Ал қалам құдіреті соны қолына ұстаған жазушының құдіреті. Олай болса, жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы – сол өзінің жазушылық құдірет-қасиетімен біздің ортамызда өзгеше жазып, дара шауып, даралана білген талантты қаламгер.

Алатаудың баурайында жатқан асқар, белді де беделді, абыройлы, көңілі мен ниеті жаз дидарлы Нағашыбек Қапалбекұлымен таныс, біліс болғызған тағдырыма мен де ризамын. Ол – дос және де адал дос! Университеттің қабырғасында бірге білім алған кезеңдерден бері жалғасып келе жатқан адал көңілдің керуені жол ортада тоқтап қалған жоқ. Әлі де бірге келе жатырмыз. Жүгіміз де, жұбымыз да бір. Мақсатымыз да, ойымыз да ортақ. Ниетіміз де, көңіліміз де сол баяғы жарасқан қалпында. Әйтеуір біздің адал жандарымызды арадағы сыйластық, одан қалды бір-бірімізге деген бауырлық көңіл мен сазды бір сағыныштың жалғап тұрары бар. Және де сол адал көңіл сағынышы біздерді мәңгі жалғап тұрарына да сенемін. Жасай бер, адал дос, абзал да асыл азамат!

Жабал ЕРҒАЛИЕВ,

сенатор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, жазушы